

Журналистика және саясаттану факультеті  
Баспасөз және баспа ісі кафедрасы



**БЕКІТЕМІН  
Қабылдау**  
төрағасы, ректор

комиссиясының

**Е.Б.Сыдықов**

**2020 ж.**

**В029-Аудиовизуальды құрылғылар және медиа өндіріс білім беру  
бағдарламалар тобы бойынша «Коллоквиум және портфолио»  
шығармашылық онлайн емтиханының  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Нұр-Сұлтан, 2020 ж.**

Өзірлеушілер:

Сак Қ.Ө.- ф.ғ.к., профессор, журналистика және саясаттану факультетінің деканы

Әшірбекова Г.Ш. - ф.ғ.к., доцент, «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының меңгерушісі

Ишанова А.К. - ф.ғ.д., «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының профессоры

«6B02122- Баспа ісі » білім бағдарламасы бойынша оқуға түсу бағдарламасы «Баспасөз және баспа ісі кафедрасы» отырысында талқыланды,

«20» 20.05 2020 ж. № 11 хаттама

«Баспасөз және баспа ісі»  
кафедрасының меңгерушісі



Г.Ш.Әшірбекова

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясымен (ОӘК) мақұлданды

«22» 05 2020 ж. № 6 хаттама

ОӘК төрағасы



А.П.Пернебекова

Факультет деканы Қ.Ө.Сак



Келісілді:

Оқу ісі жөніндегі проректор



Е.А.Оңғарбаев

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі.....	4
3. Білімді бағалау өлшемдері.....	4
4. «Коллоквиум және портфолио» шығармашылық емтиханның тақырыптық тапсырмалары.....	6

## 1. Жалпы ережелер

Бұл бағдарлама ҚР БЖҒМ Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы негізінде жасалды.

Шығармашылық емтихандар өткізу үшін пәндік комиссия құрылады және оны Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры бекітеді.

Емтихандарды өткізетін комиссияның негізгі міндеті - баспагер мамандығына қажетті талапкерлердің шығармашылық қабілеттілігін айқындау.

## 2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін талапкерге А4 форматтағы парақ, көк түсті қалам, ноутбук (компьютер, смартфон, видеокамера) және тұрақты интернет желісі қажет. Сонымен бірге талапкердің жеке электронды поштасы болуы міндетті.

Онлайн шығармашылық емтихан Microsoft Teams платформасында өтеді.

Емтихан Нұсқаулыққа сәйкес <https://www.enu.kz/ru/info/obyavleniya/30153/> жүргізіледі.

Екінші шығармашылық емтихан кезінде талапкерлердің барлығы емтихан кестесіне сәйкес арнайы жіберілген сілтеме (талапкер «Platonus» АЖ «Талапкерді тіркеу» модулінде көрсеткен поштаға жіберіледі) бойынша Microsoft Teams платформасына қосылады. Емтихан кезінде видеожазба жүргізіледі және сақталады.

Емтихан алдында (1 сағат бұрын) пәндік комиссия мүшелері жеке басын куәландыратын құжаттардың фотосуреттері негізінде түсетін талапкерлерді сәйкестендіруді жүзеге асырады.

Пәндік комиссия емтихан тапсыратын талапкерді алдын-ала алынған жеке куәліктің көшірмесімен немесе үміткердің бейнесі бейнеленген басқа жеке басын куәландыратын құжатпен Microsoft Teams платформасы арқылы анықтайды.

Талапкердің жеке басын сәйкестендіру рәсімінен кейін түсу емтиханы басталады, онда талапкерге экранды көрсете отырып, кездейсоқ сандардың генераторын пайдалана отырып, емтихан билетінің нөмірі беріледі.

Талапкердің емтихан тапсыру алдында оның жеке бөлмеде отыруын видео көрсетілім арқылы тексеріледі.

Ұялы телефонмен сөйлесуге, тиым салынған жазба қағазды, кітапты, ғаламтор мәтіндерін қолдануына рұқсат етілмейді. Редакцияланатын мәтіні өзіндік, авторлық болуы қажет.

Онлайн шығармашылық емтихан кезінде талапкер мониторды өшіруге, рұқсатсыз шығып кетуіне болмайды.